

«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешенінің

директор жанындағы кеңес хаттамасы

№ 2 (қашықтықтан өткізілген жиналыс)

2020 жылғы "28" қазан _____

Төрайым: Р.Т. Қуатбекова

Хатшы: М.Өленова

Қатысқандар: 28

Күн тәртібі:

1. «Мектеп өмірінен бір күн» жобасы аясында «Оқушыларды қоғамдық өмірге тарту» тақырыбында өткен ата-аналарға арналған қашықтықтан Ашық есік күнінің өтуі
2. Күндегік КЗ электрондық журналдың талапқа сай жүргізілуі тексеру
3. «Жаңартылған білім мазмұны бойынша критериалды бағалау» баяндама Жадилова Г.
4. «Бастауыш сынып оқушыларына АКТ –ны пайдалану тиімділігі» Ахметова К.
5. «Қашықтан оқытуды ұйымдастыру әдісі» М. Өленова
6. Онлайн-мектеп платформасы бойынша.
7. Ағымдағы жасалатын жұмыстар:
 - жаңадан келген оқушыларды оқулықпен қамтамасыз етіп отыру;
 - кабинеттердің санитарлық жағдайы;
8. Қосымша сабақтардың жүргізілуі

Отырыс барысы

1. Тыңдалды:

1. А.Бимурзаева - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

- 2020 жылдың 20 қазан күні мектепте «Мектеп өмірінен бір күн» жобасы аясында «Оқушыларды мектептің қоғамдық өміріне тарту» тақырыбында Ашық есік күні өтті. Атқарылған шаралар:

| № | Іс-шаралар/ | Қатысушылар | Жауаптылар |
|---|---|-------------|-------------------|
| 1 | Қазақ тілінен ашық сабақ. | 3 | Өленова М. |
| 2 | Открытый урок по естествознаний. «Загрязнение геосфер» | 2 | Казначеева А. |
| 3 | «Интернеттің пайдасы мен зияны» дебат | 4 | Дулдулова Г. |
| 4 | Ашық сабақ. «Жол жүрудегі қауіпсіздік ережелері» | 1 | Асанбаева Г. |
| 5 | Сергіту сәті | 1 | Зарецкая Е. |
| 6 | «Қауіпсіз интернет Жасөспірімдердің интернетке тәуелділігі. Кибербуллинг дегеніміз не?» ата-аналармен жұмыс | | Психолог: Н.Берік |

Санитарлық талаптарды орындау мақсатында өткізілген шараларға барлығы 14 ата-ана 3-тен бөлініп қатысты. Алдымен ата-аналар ашық сабақтарға кірді. Одан кейін сыныптан тыс жұмыстарды тамашалады. Мектеп психологы Н.Берік «Қауіпсіз интернет. Жасөспірімдердің интернетке тәуелділігі. Кибербуллинг дегеніміз не?» деген тақырыптағы ақпаратын ата-аналар қызығушылықпен

тыңдады. Сонында балалардың интернеттегі уақыттары мен қандай сайттарды қарайтынын бақылау үшін қолданатын бағдарламаларды шара барысында жүктеп алды. Шаралар жоғары деңгейде өтті. Сонында өз кезегінде ата-аналар кері байланыс беріп, ата-аналарға арналған ашық есік күндерінің жиі өткізілуі туралы ұсыныс білдірді.

Үсыныс: Ата-аналарға арналған Ашық есік күні осы оқу жылында тағы да өткізілсін. Басқа мұғалімдер басқа бағытта жұмыстарын көрсетуге дайындалсын.

2. А.Бимурзаева - ДОТЖО:

- Күндегік КЗ электрондық журналдың талапқа сай жүргізілуі тексеру қорытындысы. Апта сайын жүргізілген электрондық журналыды толтыру мониторингі нәтижесінде Түркістан қаласының білім бөлімінің мектептер мониторингінде «Керемет» бастауыш мектебі 7 орында тұр. Әрине, әр педагогикалық қызметкердің жауапкершілігінің жемісі. Дегенмен уақытында толтыру жүйесін пән мұғалімдері кеш жүргізіп жатасыздар! журнал жүргізіуі 100% емес.

Қорытынды: Күнделік КЗ электрондық журналын толтыруда қойылған қалыптастырушы бағалауды түзетуге, ЖБ ұлайы тест спецификасына сай жазылу керек.

Үсыныс:

- Қатаң септегі құжатты стандарт талаптарына сай толтыру

3. Р.Т. Қуатбекова - мектеп директоры:

Білімнің бастауы, қайнар көзі – мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы – бастауыш білім беру саласы екені баршамызға аян. Осы тұста М.Шаханов ағамыздың мына бір сөзі ойға оралады: «Бала жүрегі кішкене куй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында сол кілт үнемі жүруі керек» дегендей, бастауыш сынып мұғалімі үнемі ізденісте болуы керек. Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Өйткені, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал оның дамуы мемлекет азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты.

- Цифрлық сауаттылықты арттыру, ақпараттық технологияны меңгеру мақсатында ата-аналардың, оқушылардың қалауымен ІТ кабинеті толық жабдықтанды. Санитралық талаптардың қатаң сақталуы қадағалансын. Оқушылар қосымша сабаққа өте жоғары қызығушылықпен қатысады.

4. А.Бимурзаева – оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Жанартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу.

Білім лэндтің онлайн мектеп платформасы бойынша екінші тоқсанның соңына дейін келісімшарт жасалды. Келісімшарт бойынша онлайн-мектеп платформасының нұсқаулығымен мұқият танысып, логин, парольдеріңізді толық алып тіркеліп жұмыс жасауымыз қажет. Сонымен қатар оқушыларды да тіркетіп, оларға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, логин, парольдерін тарқатып берулеріңіз қажет.

Үстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеледі:

- Алдағы уақытта мектеп білім сапасын арттыру барысында жұмыстарды күшейтуі қажет.
- 2-4 сыныптарға арналған тоқсандық қорытынды бақылау жұмыстарына аса мән берілуі қажет.
- Бастауыш сыныптар он күндігі ақпан айында өткізіледі.
- Қалалық олимпиада наурыз айында өткізіледі.
- Қашықтық олимпиадалар, сайыстар, интеллектуалды марафондарға қатысу міндеттеледі.
- БАҚ-на материалдар жариялау қажет.
- Онлайн-мектеп бағдарламасымен қатар сабақты қашықтан өткізу барысында Watsapp әлеуметтік желісімен де сабақтар өткізіп, кері байланыс жасап отырады. Мұғалімдер қауымы біршама әлеуметтік желілерді қолданып анализ жасап көрді, нәтижесінде Watsapp әлеуметтік желісі ыңғайлы әрі қолайлысы деп танылды.

5. Күн тәртібі бойынша баяндамалар тыңдалды. Баяндамашылар өз тбаянамасында қазіргі заман талабына сай жаңартылған білім берудің маңыздылығы жайлы, жаңартылған білім мазмұны бойынша критериялды бағалау, ойын арқылы оқушылардың оқу белсенділіктерін арттыру туралы айтып өтті. Баяндамашыларға сұрақтар қойылды.

Қаулы етеді:

1. Қашықтықтан өткізілген жұмыстар "қанағаттанарлық" деп танылсын.
2. Қабілетті оқушымен жұмыс жүйелі жүргізуде жұмысы күшейтілсін.
3. Күнделік Кз электрондық журналын толтыруда әр пән мұғалімінің жауапкершілігі күшейтілсін.
4. Оқушылардың шығармашылығын шыңдау мақсатында әртүрлі деңгейдегі жобаға, байқауға қатыстыру Н.Сарсенбаеваға міндеттелсін.
5. бастауыш сыныптарда оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауды нәтижелі жүзеге асыру.
6. Оқытудың жаңа инновациялық өзгерістерін енгізу арқылы белсенді оқытуды жүзеге асыра отырып, оқушыларды сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.
7. Бақылау жұмыстарының алыну сапасын жақсарту.
8. Бірлестік жұмыстарындағы жұмыс жоспарының орындалуы жандандыру.
9. Барлық кабинеттердің санитарлық жағдайын ережеге сәйкес қатаң сақтау.
10. Онлайн-мектеп платформасын қолданумен қатар мұғалімдердің сұраныстары бойынша Watsapp әлеуметтік желісі арқылы сабақтар қашықтан өткізіліп, кері байланыс жасалатын болады.

Төраға _____ Р.Т. Қуатбекова

Хатшы _____ М.Әленова

